



Қазақстадағы шетел мұнай компаниялары



Қазақстан әлемдік саудаға – мұнай өнімін шығарушы ел және бұл өнеркәсіп еліміз экономикасының жетекші секторы болып табылады. 2001 жылы өнеркәсіп өндірісінің 44,3 пайызы осы саланың үлесіне тиді. Барланған шикізат қоры бойынша еліміз әлемде 13-ші орындамыз. Дәл қазір 250-ден астам мұнай-газ кеніштері жұмыс істеп тұр. Көбі республиканың батыс өңірінде орналасқан. Мұнда 1 млрд. тоннадан астам мұнай қоры бар. Республикада мұнай-газ саласын “Қазақойл” ұлттық мұнай компаниясы мен “Мұнай және газ тасымалы” ұлттық компаниясының бірігуі нәтижесінде пайда болған “ҚазМұнайГаз” ұлттық компаниясы басқарады.

Қазақстанда мұнай мен газ өндіру ісі шетел инвесторларының қатысуымен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны, “Қазақойл-Ембі” АҚ, “Атырау мұнай компаниясы”, “Қазақстанкаспийшельф”, “Каспиймұнайгаз”, “Қазгермұнай” ЖАҚ-дары, т.б.

Теңізшевройл



Түрі: Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Құрылған жылы: 1993


Орналасқан жері: Атырау

Саласы: Мұнай және газ.

Өнімі: Мұнай, табиғи газ, мұнай өнімдері

Теңізшевройл немесе **ТШО** (ағылш. *Tengizchevroil, TCO*) — Қазақстандағы мұнай-газ өндіретін бірлескен кәсіпорын. 1993 ж. ҚР Үкіметі мен Шеврон корпорациясы арасында 40 жылға жасалған шарт бойынша құрылған және осы шарт бойынша Теңіз және Королев кен орындарын игеру жөнінде келісімге келген. Қазіргі кезде кәсіпорынға: Шеврон, ЭксонМобил, ҚазМұнайГаз, ЛукАрко компаниялары енеді.

ТШО -ның өндірістік жобалары



- «Теңізшевройл» ЖШС сан миллиардтап тартылған инвестицияларды тиімді игерудің арқасында ТШО өндірістің бүкіл инфрақұрылымын түбегейлі қайта құрып өндіріс базасын кеңейтті. 2007 жылдың аяғына қарай компанияның жалпы активтері 10.5 млрд. доллар құрады. 2008 жылда Екінші буын зауытының барлық өндірісінің пайдаланылуға берілуі қазіргі бес технологиялық желіде өндіріліп жатқан өнімді екі еселеуге мүмкіндік берді және шығарындылар көлемін азайтуда өндірістің жоғары тиімділігін қамтамасыз етті. Бүгіндері өндіріліп отырған көмірсутектер шикізатынан ТШО түпкі өнімнің бірнеше түрін шығарады.
- ТШО-ның тауарлы мұнайы өте «жеңіл», көмірсутектің жеңіл молекулаларынан тұрады. Екінші буын зауытын іске қосқаннан кейін, кәсіпорын тәулігіне мұнай мен газ өндіру көлемін сәйкесінше 540 мың барель және 765 млн текше фут деңгейіне дейін ұлғайтуға мүмкіндік алды. Бұдан басқа, көмірсутектер шикізатының қалған бөлігінен, ілеспе газдардан тауарлы газдар (құрғақ газ бен сұйытылған газдар - пропан мен бутан), сондай-ақ Теңіз кен орнының шикі мұнайының құрамында жоғары шоғырланған күкіртсутектен өндірілетін күкірт шығарылады. 2007 жылы еуропалық сападағы пропан мен бутан өндіру көлемі 860 метрикалық тоннаны, ал құрғақ газ сату көлемі 3,7 миллиард текше метрді құрады. Сондай-ақ ТШО 2007 жылы күкірт сатудан жоғары көрсеткішке қол жеткізді, 2 миллион тонна күкірт сатып, 2006 жылғы өзінің көрсеткішін 24 пайызға асыра орындады.
- 2013 жылы мұнай өндіру көлемі 27,1 миллион тоннаны (216 миллион баррель) құрады

ҚАЗТРАНСОЙЛ



- “ҚАЗТРАНСОЙЛ” (ҚТО) – Қазақстанның мұнай құбыры инфрақұрылымындағы ірі кәсіпорын. Қазақстанның құбыр желісі инфрақұрылымының көп бөлігін пайдалануға береді. “Қазтрансойл” Компанияның қарамағында 6500 км мұнай құбыры, 25 000 км су құбыры бар. ҚТО-ға тиесілі құбыр желілері оқшауландырылған үш тармақты: Батыс, Ақтөбе және Шығыс тармақтарын біріктіреді. Батыс тармағы ҚТО-ға 2000 жылы жиынтық табыстың 70%-ын берді. Елде 2000 жылы өндірілген 33 млн. т мұнайдың 75%-ға жуығы осы Батыс тармағымен айдалды. Шығыс тармағының жиынтық табыстағы үлесі 20%. Бұл тармақ Құмкөл мұнай кенішін елдің солтүстік-шығысындағы Павлодар мұнай өңдеу зауытымен және оңтүстігіндегі Шымкент мұнай өңдеу зауытымен жалғастырады. Ең кіші Ақтөбе тармағы қазіргі кезде тек солтүстікте, Ақтөбеде өндірілген мұнайды Ресейдің Орскідегі мұнай өңдеу зауытына тасымалдайды. ҚТО өз табысының 95%-дан астамын мұнай тасымалдаудан алады, ҚТО барлығы 29 ұлттық және халықар

ПетроҚазақстан



- **ПетроҚазақстан** – тігінен интеграцияланған мұнай-газ тобы, оның акционерлері “Қытай Ұлттық мұнай корпорациясы” және “ҚазМұнайГаз” Ұлттық компаниясы болып табылады. “ПетроҚазақстан” компаниясының қызмет аясына кен орындарын геологиялық барлау, қазбалау, мұнай мен газды өндіру, сондай-ақ кен орындарын сатып алу, мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату кіреді. Интеграцияның нәтижесінде компанияның өз өнімінің сапасын жақсарту үшін және қызметінің тиімділігін арттыру үшін кең мүмкіндіктері бар.
- «ПетроҚазақстан» компаниялар тобының өндірістік құрылымының негізін «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ (ПҚҚР) және «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПҚОП) құрайды. Қызылорда облысында орналасқан ПҚҚР компаниясы мұнай өндірумен шұғылданады, ал Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласында орналасқан ПҚОП компаниясы мұнайды қайта өңдеу ісімен айналысады.